Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы 2026 жылғы 27 қазан

KASE-де Қазақстанда алғаш рет цифрлық қаржы активтері шығарылып, орналастырылды

Қазақстан қор биржасының (KASE) цифрлық платформасында Қазақстанда алғаш рет цифрлық қаржы активтері (ЦҚА) шығарылып, орналастырылды.

Активтердің эмитенті (қарыз алушы) – телекоммуникациялық инфрақұрылым және ақпараттық-коммуникациялық жабдыққа жүйелік-техникалық қызмет көрсету саласында қызметін жүзеге асыратын қазақстандық "ALTA Telecom" ЖШС. Шығарылым мен орналастыруды ұйымдастырушы – "Банк ЦентрКредит" АҚ-тың еншілес ұйымы "BCC Invest" АҚ.

ЦҚА тікелей KASE-нің ЦҚА цифрлық платформасында электрондық-цифрлық нысанда шығарылды, оның операторы – Биржа. Шығарылым талаптарында мерзімді сыйақы төлеу және айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін номиналды құнын өтеу көзделген.

Жүзеге асырылған мәміле Қазақстанның реттелетін капитал нарығында цифрлық қаржы құралдарын қолданудың алғашқы практикалық үлгісі болды және KASE биржалық инфрақұрылымының ЦҚА-мен операциялардың толық циклін, оның ішінде шығару, есепке алу және орналастыруды қамтамасыз етуге дайын екенін растады.

Эмитенттер (қарыз алушылар) үшін ЦҚА шығарудың негізгі артықшылықтары:

– KASE тарапынан желтоқсан айына дейін ешқандай комиссия мен алым алынбайды;

– шығарылымды тіркеу рәсімі жеңілдетілген және жеделдетілген;

– қаржылық есептілікке аудит жүргізу қажет емес.

Бұл құралды пайдалану бағалы қағаздарды дәстүрлі тәсілмен шығаруы қиын болуы мүмкін компанияларға, бірінші кезекте шағын және орта бизнес өкілдеріне қаржыландыру тартуда қосымша мүмкіндіктер береді.

"KASE-де ЦҚА-ны алғаш орналастыру цифрлық қаржыландыру құралдарының іс жүзінде жұмыс істеп тұрғанын растады. Мәміле реттелетін биржалық инфрақұрылымда құрылымдаудан бастап орналастыруға дейінгі толық циклден өтті. Қазақстандық компаниялар үшін бұл – капитал тартудың жаңа тетігі және қаржыландыру көздерін әртараптандырудың қосымша мүмкіндігі. Сенім білдіріп, осы жолдан бірінші болып өтуге дайын болғандары үшін BCC Invest пен ALTA Telecom компанияларына алғыс айтамыз. Орналастырудың табысты тәжірибесі басқа эмитенттер мен нарық қатысушылары үшін маңызды бағдар болатынына сенімдімін", – деп атап өтті KASE Басқармасының төрағасы Әділ Мұхамеджанов.

KASE-де ЦҚА-ны алғаш орналастыру Қазақстанда цифрлық қаржы құралдары нарығын одан әрі дамытуға және отандық компаниялардың қаржыландыру тарту мүмкіндіктерін кеңейтуге негіз болады.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен FEAS биржалары арасында бесінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша). Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары,

сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

"BCC Invest" АҚ – "Банк ЦентрКредит" АҚ-тың еншілес ұйымы, Қазақстандағы ең ірі инвестициялық банктердің бірі. Компания 2026 жылғы 01 қыркүйектегі жағдай бойынша активтерінің мөлшері жағынан инвестициялық компаниялардың ТОП-2 қатарына, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның корпоративтік облигациялар нарығындағы ең ірі андеррайтерлердің қатарына кіреді, сондай-ақ KASE маркет-мейкерлері арасында жетекші орындарға ие. Moody's халықаралық рейтинг агенттігі компанияға "Тұрақты" болжамымен "Ba2" деңгейіндегі ұзақмерзімді корпоративтік рейтинг берді.

"ALTA Telecom" ЖШС – ақпараттық-коммуникациялық жабдыққа жүйелік-техникалық қызмет көрсету саласында қызметін жүзеге асыратын қазақстандық компания.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz